

А.Ш. Асқарова 

«Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан, Астана қ.
e-mail: nuraltyn2016@gmail.com

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ПРОЗАСЫНДАҒЫ МИСТИКА

Мақала қазақ және шетел прозасындағы мистиканы зерделеуге арналған. Мұнда нақты хронологиялық шек қойылмастан, қазақ және түрік әдеби туындыларында қолданылған мистикалық құбылыстар салыстырмалы-тарихи, жүйелік, құрылымдық, герменевтикалық әдістер негізінде қарастырылған. Қазақ әдебиетінде мистикалық сарындардың негізінен Тәуелсіздік жылдары өрістеп, дамуы Асқар Алтай, Таласбек Әсемқұлов шығармалары негізінде талданған. Т. Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы», «Талтүс» және А. Алтайдың «Туажат» немесе «Тамұққа түскен сәуле» шығармалары – постмодернистік, тарихи-мифомистикалық көркем туындылар екені ғылыми негізделген. Мистика көбінесе дінмен, тылсыммен байланысты құбылыс болғандықтан, кеңестік кезеңде дінге тыйым салынуы себепті ол тек өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан кейін дами түсті. Бұл ретте, алдымен қазақ әдебиетіндегі көне мистикалық сарындар қайта жаңғыртылса, екіншіден, постмодернистік бағыттағы прозада ол көркемдік әдіс ретінде де қолданылды.

Ал түрік әдебиетіндегі мистика ислам дініндегі сопылық ағыммен тікелей байланысты. Ол әйгілі сопы, мистик ақын Мәулана (Жалал ад-дин Руми) шығармаларынан бастау алады. Мұнда мистиканы көркемдік әдіс ретінде пайдаланудан гөрі, шығарманың өзін тұтастай мистикаға құру көзделген. Трансцендентті әлемдегі тәңірілік (құдайлық) құндылықтар метафоралық тілмен көркемдеп жеткізіледі.

Түйін сөздер: мистицизм, мистика, теология, философия, түрік-қазақ прозасы, діни мистика, мифомистика.

A.Sh. Askarova

Scientific Research Institute "Abai Academy", Kazakhstan, Astana
e-mail: nuraltyn2016@gmail.com

Mysticism in Kazakh and Turkish prose

The article is devoted to the study of mysticism in Kazakh and foreign prose. Without establishing clear chronological boundaries, mystical phenomena used in Kazakh and Turkish literary works on the basis of comparative historical, systemic, structural, hermeneutic methods are considered here. The development of mystical motifs in Kazakh literature took place mainly during the years of independence, which was analyzed on the basis of the works of Askar Altai, Talasbek Asemkulov. It is scientifically proved that the works of T.Asemkulov «Treasures of Bektor», «Noon» and A.Altai «Great-great-grandson» or «Ray falling on Tamuk» are postmodern, historical and mythological works of art. Since mysticism was largely connected with religion, superstitions, and in the Soviet period religion was banned, it developed only after the nineties of the last century. At the same time, firstly, ancient mystical motifs were revived in Kazakh literature, and secondly, in postmodern prose, it was also used as an artistic device.

And mysticism in Turkish literature is directly related to the Sufi trend in Islam. It goes back to the works of the famous Sufi, mystic poet Maulana (Jalal al-din Rumi). Here, in contrast to the use of mysticism as an artistic method, it implies the construction of the entire work in a mystical way. The divine values of the transcendent world are artistically conveyed in metaphorical language.

Key words: mysticism, mysticism, theology, philosophy, Turkish-Kazakh prose, religious studies, mythomistics.

А.Ш. Асқарова

Научно-исследовательский институт «Академия Абая», Казахстан, г. Астана
e-mail: nuraltyn2016@gmail.com

Мистика в казахской и турецкой прозе

Статья посвящена исследованию мистики в казахской и зарубежной прозе. Без установления четких хронологических границ здесь рассматриваются мистические явления, использованные в казахских и турецких литературных произведениях на основе сравнительно-исторических, системных, структурных, герменевтических методов. Развитие мистических мотивов в казахской литературе происходило в основном за годы независимости и анализировалось на основе произведений Аскара Алтая, Таласбека Асемкулова. Научно обосновано, что произведения Т. Асемкулова «Сокровища Бекторы», «Полдень» и А. Алтая «Прапраправнук» или «Луч, падающий на тамук» – это постмодернистские, историко-мифомистические художественные произведения. Поскольку мистика во многом была связана с религией, суевериями, то в советский период религия была запрещена, она развивалась только после девяностых годов прошлого века. При этом, во-первых, были заново возрождены древние мистические мотивы в казахской литературе, а во-вторых, в прозе постмодернистского направления она использовалась и как художественный прием.

А мистика в турецкой литературе напрямую связана с суфийским течением в исламе. Она восходит к произведениям известного суфия, поэта-мистика Мауланы (Джалал ад-дина Руми). Здесь, в отличие от использования мистики как художественного метода, подразумевается построение всего произведения в мистическом плане. Божественные ценности трансцендентного мира художественно передаются метафорическим языком.

Ключевые слова: мистика, мистика, теология, философия, турецко-казахская проза, религиоведение, мифомистика.

Кіріспе

Мистика, мистицизм – адамды метафизикалық күштермен байланыстыратын құпия, жұмбақ құбылыс. Адамдық қабілеттерден тыс сенім, яғни тұлғасыз Абсолют десек те болады. Сол Абсолюттік түсініктің бірі – Құдай, діни дәстүр.

«Мистика» ұғымы теологтар мен философтардың еңбектерінде адамның мистикалық құбылыс деп санайтын нәрсемен байланысу тәсілі және әрқилы діни-философиялық ілімдер ретінде көрсетіледі. Гносеологиялық тұрғыдан қарағанда, мистицизм адамзаттың абсолютті ақиқатты тануға деген ұмтылысы, дүниенің алғашқы мәнімен немесе трансценденттік құбылыстармен оның ажырамас байланысын сезіну.

Мистиканың бастаулары Ежелгі Шығыс пен Ежелгі Грецияның діндерінде, құпия ырымдарында жатыр. Мистикаға тән құбылыс Құдаймен немесе басқа метафизикалық болмыспен байланыстыруға көмектесетін терең эмоционалды тәжірибеге қол жеткізу. Мистикада абсолютті объектімен қарым-қатынас туралы идеялар әртүрлі: тікелей қарым-қатынас тәжірибесі, адамның құдаймен кездесуі, заттардың мәніне оңай жету, адамның «Менінің» шексіз ыдырауы, құдаймен бірігу және сол арқылы құдайлық қасиеттерге ие болу сияқты.

Сонымен қатар, көптеген туындыларда мистик қоршаған орта, қоғам және әлеуметтік шындықпен байланыста болады. Көбіне Мистик қоғамдағы әлеуметтік-саяси қиыншылықтарды, дағдарыстарды, бұқараның жағдайы мен қайғы-қасіретті құдаймен жақындасу, пайғамбарлармен тілдесу арқылы жеткізеді. Әлемнің сыртқы қиындықтарын діни рухани құндылықтармен жеңу мақсатын көздейді. Мистика, мистицизм діни идеология мен діни сананың жалпы ажырамас элементі десек те болады.

Мистицизмнің белгілері исламдағы сопылық бағытта жиі кездеседі, тіпті толы деуімізге болады. Сопылық – исламдық мистицизм. Құдайды мистикалық тану жайлы ілім. Оның негізін салушылар, атақты сопылар Хасан әл-Басри, Зун-нун әл-Мисри, әл-Мухасибиді, ар-Румиді, әл-Бистамиді, әл-Газали, Ибн Арабиді, Қ.А.Иасауиді. Сопының мистикалық «тарикат» жолында мақамдар – аялдамалар мен тіректер бар. Сопылар мақамды ақиқат жолындағы белгілі бір баспалдақтар, жағдай деп қарастырады (Шығыс философиясы, 2009: 336).

Түрлі сопылық мектептер, мақамдарды өздерінше пайымдап түсіндіреді. Біреулері танымның әрбір баспалдақтарында адам нұрға бөленеді және Құдайды тани бастайды десе, қалған сопылар адам барлық тұрақтан өткеннен кейін ақиқатқа жетуі мүмкін дейді. Сопылардың пікірінше, Құдай – олардың өмірінің мәні. Құдай

мен адамның үздіксіз бірлігі олардың өмірінің негізгі мағынасы болып табылады. Тек осы бірлікте ғана адамның жаратылысы мәнді болады және бұл бірліктің негізі махаббат деп санайды.

Кенестік кезеңде дінге тосқауыл қойылғаны баршамамызға аян. Қазіргі таңда діни өмірді жандандыру, дәріптеу мақсатында жан-жақты ғылыми қажеттілік туындады. Әрине, діни өмірді жандандыратын немесе тіпті жаңарта алатын құбылыс ретінде мистицизмді Батыс-Шығыс философ-дінтанушылары мен теологтары қарастырады.

Батыс ғалымы, Йена қаласының тұрғыны Макс Шелер шығармаларының басты мәселесі болашақта адам мен Құдайдың кездесуі болды. Тұлғаның тереңдігі мәндік өзегі – ішіміздегі Құдай идеясы деген ой айтады. «Егер Құдай құдіретті әрі билігі шексіз болса, Ол мендей жан-жаққа тартқан адамды қалай жаратты екен? (Шелер, 1988) – деген философиялық сауалына жауап іздейді. Шелер адамның табиғи емес, табиғаттан жоғары тұрған рухани жаратылыс екенін дәлелдейді.

Мистицизм барлық діндердің негізінде көрініс тапты деуге болады. Батыстағы мистикалық сарындарға қарағанда, ислам мистицизмі көп жағдайда Құран мен хадистерге сүйене отырып дамыды. Түрік ойшылы Хилми Зия Улькен: Ислам мистицизмі әсіресе 9-12 ғасырларда маңызды еңбектер тудырды және грек, ішінара үнді және иран философияларының әсері негізіндегі туындылар емес, түпнұсқа деген пікірде (Ülken, 1967:1).

Сопылар дүние тіршілігіне және материалдық ләззаттарға бой алдырмауға шақырып, ақырет пен рухани құндылықтарға басымдық берген. Бұл олардың осы дүние өмірінен гөрі ақырет өміріне көбірек мән беруіне себеп болды. Мистиктердің махаббат деп атайтыны – бүкіл әлемді қамтитын Құдайдың оты. Сол оттың ошағы – сопылардың жүрегі. Адамды илаһи махаббаттан тыятын жалғыз кедергі – дүниеге деген құмарлық. Мұсылмандардың бір-бірімен соғысуы үшін дүние тым құнсыз. Бағалы нәрсе болса, ол – Аллаға, оның жаратылыстарына деген сүйіспеншілік. Жүректегі Аллаға және адамдарға деген сүйіспеншілік сабырлық, төзімділік және жанқиярлық сияқты мінез-құлықтан көрінеді.

Бұл идеялар мен көзқарастардың түркілік көзі – Есеви ошағы. Есеви деп отырғанымыз Хорасан әулиелері құрған – мевлеви, бекташи, нақшбанди ағымдарының жалпы атауы.

Фуад Көпрүлү Йесевидің түрік әлемін географиялық тұрғыдан мынадай аймақтарға бөліп қарастырған;

1. Қыпшақ, яғни қазіргі Солтүстік түріктердің жері.
2. Түркімен облысы.
3. Әзірбайжан облысы.
4. Батыс түріктер, атап айтқанда Анадолы және Румел аймағы (Köprülü, 1984:174).

Осы мекендерде өсіп-өнген ақын-жазушылар халыққа дінді насихаттау мақсатында діни-мистикалық сюжеттер арқылы ішкі ойлары мен идеяларын жеткізген. Діни-мистикалық бағыттағы туындылар 13 ғасырдан бастап өзіндік жетістік-кемшіліктерімен бүгінгі күнге дейін Анадолы аймағында дамыды.

Анадолы өңіріндегі мистицизмінің қалыптасуы көші-қон толқындары арқылы немесе Анадолы түріктену процесінде келген Есеви дәруіштері, бір сөзбен айтқанда Хорасан әулиелері арқылы Есеви дәстүрімен байланысты болды.

Ақпынар мен Арслан, X-XII ғасырларды Түрік мистикалық әдебиетінің алғашқы үлгілерін «дайындық пен қалыптасу» кезеңі деп атайды. XIII-XV ғасырларда осы дәстүр аясында Анадолыда дамыған мистикалық әдебиетті «Даму және кеңею кезеңі» деп белгілесе, төл туындылардың азаюына байланысты келесі кезеңдерді «Үзіліс, құлдырау және қайта құру кезеңі» деп анықтайды (Akpınar, B.R., M.Arslan, 2010). Сондықтан, осы ғасырлар аясында Анадолы өрісіндегі ақын-жазушылардың көптеген шығармаларында мистикалық сарындар басым болды.

1960 жылдың орта кезінде Ресейдегі Дінтану институтында осы мәселе бойынша зерттеу еңбектер жарияланады. Ғалымдар мұнда мистицизмнің мәнін ашуға тырысады және астрологтар мен спирит, теософия, антропософия діни-философиялық топтардың теориялық тұжырымдарын, практикасын теріске шығаруды көздеген. Дінтанушылар зерттеулерінде аса мән берілген мәселенің бірі – «Шіркеулер мен мистика». Авторлардың пікірлерінше, діни мистицизмнің таралуы бір жағынан шіркеуге пайдалы, себебі ол діндарлықты нығайтуға көмектеседі, яғни байланыстыра тану арқылы діннің өздері қажетті тұстарын дұрыс қабылдауларына жол ашады деген түйінге келген.

Орыс ғалымы М.И. Шахнов «Ғылыми танымдағы қазіргі мистика» атты зерттеу еңбегінде оны шіркеуден және діннен алшақ мистика деп екіге бөле отырып, жан-жақты мәлімет беру тырысқан: табиғаттан тыс пай-

да болған «жұмбақ» құбылыстар мен ерекше тылсым күшке ие қоғам; белгісіз күштер мен құпиялықтың бар екендігіне дәлелді түсініктер берілген; діни-философиялық ілімдердің – теософияның, антропософияның шегінен тыс болуы; рухтарға, спиритизмге, оккультизмге қарабайыр сенімнің қалдықтарын сақтау және пайдалану; күнделікті тұрмыстағы сиқырдың түрлері және т.б. (Шахнович, 1965: 4).

XX ғасыр орта кезіндегі кеңестік ғалымдардың зерттеу еңбектерінен байқағанымыз, олар діни мистицизмнің даму бағытын сананың бұзылуымен байланыстырған. М.И. Шахнов «мистикалық трансқа енуінің объективті шарты рухтың әлсіздігі, мысалы адам өзінің әлсіздігін және жарамсыздығын сезінетін жағдайда болуында. Мистикалық идеяларға бейімділік адамдарда бақытсыздық, қорқыныш жағдайында жиі кездеседі. Үрейдің бойды билеуі мен мағынасыз қорқыныш мистикалық көңіл-күйді қалыптастыруда үлкен рөл атқаруы мүмкін» – деп жазған болатын (Шахнович, 1965:10).

Ежелгі кезде де, қазіргі таңда да қоғам мәдениетінде болған мистика, мистицизм құбылысы әлеуметтік дамудың маңызды және кейде басым факторына айналған. Бұл жерден байқағанымыз көптеген бірлестіктердің, ұйымдардың, топтардың және жеке тұлғалардың «ескіні» жандандыруға және әлеуметтік құрылымның «жаңа тұстарын» мистикалық немесе мистико-эсхатологиялық тұрғыда жүйелерін құруға деген ұмтылысын тікелей не жанама түрде көрсететін серпіліс екенін байқауға болады.

Ежелгі дәуір әдебиеті мифология мен мистиканың бастау бұлағы екені баршамызға мәлім. Қазіргі әлем әдебиетінде аталып отырған көркем әдістердің негізгі идеялық ұстанымы жақсылық пен жамандықтың қақтығысы және адамтану, адамның жеке таным мәселесі болып табылады.

Зерттеу материалы мен әдістері

Зерттеудің методологиялық негізін жүйелік-құрылымдық талдау, компаративистикалық, салыстырмалы-тарихи тәсіл және мистикалық мәтіндерді герменевтикалық талдау әдісі құрайды. Мақаламыздың тақырыбы мен мәнін ашу мақсатында отандық және шетел ғалымдарының теориялық және ғылыми зерттеу еңбектеріне сүйене отырып, тұжырымдама жасалды.

Қазақ-түрік-шетел мәдениеттерінің аясында мистицизм құбылысын зерттеуде компаративистикалық тәсіл жеке тұлғалардың

мистикалық тәжірибесінің ішкі сипаттамалары мен жасырын бөліктерін және қоғамдық жағдайды бейнелеуде мистикалық көзқарасты көруге мүмкіндік берді. Салыстырмалы әдіс мистикалық туындылар сюжетіндегі көп өлшемді құбылысты жан-жақты қарастырып, жеткізуге және мистицизмнің қазіргі қоғамдағы рөлін неғұрлым барабар көрсетуге жағдай жасайды. Мистика діни, философия, эзотерикалық, көркем, лингвистикалық, психологиялық, тарихи, этнопсихологиялық, медициналық ғылым салаларында зерттелуде. Ғалымдар пікірінші мистика сипаттап жазуға келмейтін ұғым. Ғылыми еңбектерді салыстыра көптеген ғасырлар бойы діни мистицизмге ерекше көңіл бөлінген, екі категория – мистицизм және дін – онтологиялық тұрғыдан өзара байланысты және бұл «байламда» мистицизм басты рөл атқарады, үстем жағдайға ие, өйткені дін онтологиялық тұрғыдан өзіне тән «жұмбақ» болмаса өмір сүре алмайды деген түйінге келдік.

Зерттеу жұмысымыздың нысаны – қазақ-түрік прозасындағы мистикалық көркем тәсілін айқындау. Діни мәдениет шеңберіндегі «мистика» және «мистицизм» ұғымдарын пәнаралық зерттеулер аясында қарастыру.

Көркем туындылардағы мистика фенотипі және трансмәдени феномін ретінде қарастырылды. Тарихи-салыстырмалы, жүйелілік, салғастыру, ұқсастық пен қарама-қайшылықты әдістер көркем туындылардағы мистицизмнің транс-феноменін және оның діни мәдениеттің логикалық бөлімдеріндегі әрекетін әртүрлі хронологиялық және географиялық шекараларда анықтауға және бақылауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің әдіснамалық негізі салыстырмалы тәсілде объективтілік және анықтау принциптерін қолдануға негізделген. Зерттелетін мәдени парадигманың негізінде жатқан құбылыстарды жүйелі, жан-жақты және нақты талдау мәдени процестің объективті және субъективті факторларының жиынтығын ескере отырып толықтырылатын салыстырмалы тәсілдің негізі ретінде таңдалды.

Салыстырмалы тәсілді қазақ-түрік прозасындағы мистика формасын ғылыми рационалды-логикалық құралдармен зерттеуге мүмкіндік берді. Компаративистика білімнің иррационалды формасы ретінде әрекет ететін прозадағы мистицизм құбылысын тек ақыл-ой тұрғысынан зерттеуге және ұсынуға болатындығын анықтады, өйткені зерттелетін құбылыстың объективтілігі мұсылман мәдениетінің қалыптасуы мен дамуы процесінде жүреді. Компаративистік тәсілдің

әдіснамалық негізі проза мәтіндер шеңберіндегі адамдардың күнделікті өміріне «енгізілген» мистикалық идеялар мен әрекеттердің жиынтығын нақтылау болды.

Зерттеуге салыстырмалы көзқарас көркем туындылардағы мистицизм құбылысының ішкі мәні мен мағынасын ашты. Бұл жағдайда компаративистиканың өзі салыстырмалы әдістеме ретінде философия ғылымдары саласындағы нақты зерттеу тақырыбын – прозадағы мистиканың және мистицизмнің фенотипін анықтауда әдіснамалық негіз болды.

Герменевтикалық, салыстырмалы-тарихи әдістер қазақ және түрік мистика прозасындағы тақырыптық-идеялық, мазмұндық ұқсастықтар, жақын сюжеттер бір арнада қарастыруға мүмкіндік тудырды. Сондай-ақ, осы тәсілдер негізінде мистикалық туындылардың поэтикасы, категориялары, қазақ-түрік прозасындағы көркемдік ахуалы мен қазіргі жазушылар шығармаларына талдау жасалып, сараланды.

Әдебиеттерге шолу

Бүгінгі күнде жаңа мен ескі ғұрыптың байланысындағы мистикалық фенотипті көруге болады. Діни мистицизм халықтық өзіндік сананың әртүрлі ежелгі құрылымдарының қалыптасуы мен даму кезеңдерінен өтеді, содан кейін мистицизмнің архетипі ретінде сақталады. Қазақ-түрік прозасындағы мистика құбылысы көп жағдайда дінмен байланыста және өзіне тән ерекшелікпен көрініс тапқан. Сонымен бірге, көркем тәсілдің ерекшелігі мистика мен мистицизмнің негізделген және өзекті теорияларын құруға мүмкіндік берді. Мәселен, діни мистиканы үш бағытта қарастыруға болады: теологиялық, ғылыми және теософиялық. Сондықтан діни мистиканың мәнін ашу мақсатында үш бағыттағы зерттеу еңбектер қарастырылды.

Теологиялық бағыт киелі жазбалардағы мистицизм мәселелері мен екінші «зайырлы» бағыттағы гуманистік мистиктердің және теософиялық бағыттар бойынша жазылған Браун Дж. «Дарвиши, или Восточный мистицизм», (Brown, 1968), Можейко М. А. «Мистика» (Можейко, 1999), Маркелов Д.М. «Протестантские таинства: история, теология, семиотика», (Маркелов, 1999.), Шиммель А. «Мир исламского мистицизма» (Шиммель, 1999) атты ғылыми еңбектері қарастырылды.

Түрік прозасында сопылық көзқарастар басымырақ көрініс тапқан. Сопылық исламның

мистикалық философиясын кеңірек ашу мақсатында «Әлемдік философиялық мұра» сериясымен жарық көрген «Шығыс философиясы» мен «Батыс философиясы» атты оқу құралдары қарастырылды (Шығыс-Батыс философиясы, 2009).

Нәтижелер мен талқылау

Мистицизм монотеистік діндердегі және басқа діндердегі кез келген құдайлық болмыспен шынайы және жеке байланысты іздеу деп айтуға болады. Бұл ізденісте мақсат бір болғанымен, жолдары мен әдістері әрқилы болуы мүмкін. Осы тұрғыдан мистиктерді қолданатын әдіс-тәсілдері бойынша екі үлкен топқа бөлуге болады. Бірінші топтағы мистиктер – қоғам мен қоршаған ортадан алшақтап, оңашалықты таңдайды. Сана-сын басқа барлық ойдан тазартып, Алланы ғана ойлауға тырысады және Аллаға апаратын жол деп сенеді. Бұл топтағы ғұламаларға Мұхаммед пайғамбар дүниеден озған шағында оңашалыққа кеткен Қожа Ахмет Иасауиді жатқызуға болады.

Иасауи негізін салған түркілік сопылық – Құдайды және діни ақиқатты тану ілімі. Сопылық – исламдық мистикалық рухани тәжірибе. Мистика – иррационалды тәсіл арқылы әлемді тану және түсіну. Сопылық – трансценденттік танымның мистикалық рухани-діни тәжірибесі.

Екінші топтағы мистиктер керісінше оңашалықты қаламайды, олар дүниелік ойлары мен қалаулардан аулақ болу үшін ішкі жан дүниелеріне жаттығулар жасайды. Мистик, сопылық ақын және ислам философы Хаджы Бекташ-и Вели «Китаб аль-Фаваид» атты еңбегінде: «Мистицизм – сана мен ойыңды бос ұстап, барыңды тылсымдылыққа жұмсау» деген анықтамасынан екінші топтағы ғалымдардың ұстанымына жақынырақ келеді. Ақын құдайға жақын болудың төрт жолын атап көрсеткі: «шариғат», «тарикат», «мағрифат» және төртінші «ақиқат». Үшінші «мағрифат» Аллаға ұласу жолындағы мистика ағымы ғұлама тылсымдар таза су сияқты және өзгелерді тәрбиелейді. Олар Құдайға сенеді және шариғат ережелерін құрметтейді, жердегі тіршілікке мән бермейді, тылсым құпиясын ашуға ұмтылады.

Қазақ әдебиет тарихындағы көрнекті ойшыл Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни дүниетанымдық көзқарасының ішінде сопылық ілімнің әсері зор.

Қазақ әдебиетінде де мистикалық проза бір бағыт ретінде қалыптасқан. Мәселен, Таласбек Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы»

әңгімесінде заман тағдырын суреттеудегі тылсым мистикалық күш, Асқар Алтайдың мифомистикалық сарындағы «Түсік» әңгімесі, («Қабірші», «Казино»), Сәуле Досжанның «Үлкен үйдегі үрей», Айгүл Кемелбаеваның «Қоңыр қазы», Дәурен Қуаттың «Кірекей-Күнекей», Қойшыбек Мұбарактың «От ару», Мақсат Мәліктің «Үшінші әлемнің тұрғыны», Мадина Омарованың «Күзгі бір кеште», «Жұмбақ» атты көркем туындылары арқылы қазіргі қазақ прозасы тенденциясында мистикалық әдістің психологиялық, діни-философиялық, мәдени тарихи тәсілдері мен адамзаттың әлемге деген қарым-қатынасының концептуальдық жүйесін көруге болады.

Заманауи түрік прозасында Халиде Нусрет Зорлутуна, Халиде Эдип Адывар, Пеями Сафа, Ахмет Хамди Танпынар, Решат Нури Гүнтекин, Рефик Халит Карай, Самиха Айверди, Сафие Эрол, Бахаеддин Өзкиси, Эмине Ишинсу, Севинч Чоқум, Расим Өзденөрен, Хасан Али Топташ, Осман Түрқай, Кудрет Айше Йылмаз, Искендер Пала, және Синан Ягмур сияқты көптеген авторлардың шығармаларында мистикалық тенденциялар көрініс тапқан.

Әрине, жоғарыда әр кезең бойынша көрсетілген мистик қаламгерлердің туындылары қазіргі мистикалық шығармалардың дамуына әсер етті және олардың арасындағы өзара байланысты табуға болады.

Қазіргі кезеңдегі түрік әдебиеті прозасындағы мистицизмнің даму ерекшелігі жайлы «Пауза, регрессия және трансформация» деп аталатынын еңбек жарық көрді. «Трансформация» тұрғысынан қарағанда, бүгінгі түрік әдебиетінде мистикалық туындылармен қатар, постмодерндік бағытпен тұстасқан мистикалық шығармалардың жаңа платформасы жаңғырып жатқанын байқауға болады. 2006 жылы жарық көрген Д. Беллдің «Әулиенің оралуы» атты мистикалық тақырыпқа арналған шығармасы қазіргі әдебиетте маңызды орын алады. Бұл шығармада қоғамдағы өзекті мәселелер астарлап, жұмсартылып көркемделген. Бұл тұрғыда мемлекет-позиция, қанағат, оқшаулану, зікір, сабыр, Аллаға тәуекел ету, өзін-өзіне есеп беру, разылық, тапқырлық, арман, кемеладам, сұлулық, бірлік, ғашықтық, жоқшылдық, молшылдық және жан тәрбиесі сияқты ұғымдар тікелей ілім үлгісінде емес, әдеби шығармада мистикалық сюжетке сіңіру арқылы қарастырылады. Түрік әдебиетінің Анадолы өрісінен көптеген мысалдар келтіру арқылы тақырыпты нақтылауға болады (Bell, 2006).

Тәуелсіздік жылдары қазақ прозасында өнімді еңбек етіп, тың ізденістерге бара алған жазушылар – Асқар Алтай мен Таласбек Әсемқұлов. Т.Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы», «Талтүс» және А. Алтайдың «Туажат» немесе «Тамұққа түскен сәуле» шығармалары – постмодернистік, тарихи-мифомистикалық көркем туындылар.

Мұнда қоғамнан өз орнын таба алмай, жандары шарқ ұрған адамдар бейнесі, Тәуелсіздік жылдарындағы елдің басынан кешкен ахуал кестелеп берілген. Қатал заман қаншама адамды безбүйрек қылғанын, мейірімнен бездіріп жібергенін ашып көрсетеді. А. Алтай мифтік образ Байбура, қиын-қыстау кезде қорғап, желеп-жебеп жүретін образ Бозие – Ана-Бөрі сұлбасын сәтті пайдаланған. Тірідей терісін сылығанда құртқа қасқырдың денесінен бұмен бірге көтеріліп, жұмбақ күш пайда болып, боз сағымға айналған беймәлім сәулені сурттей отырып, тылсымға бой ұрады. Бұл бөрі рухты киелі сәуле – бөрілі басты ту алып, абадан көкжал жол бастап жорыққа шығатын Көк Түріктің аңыз ерлігін еске түсіреді. Қазақ дүниетанымында тотем тұтатын, киелі, қасиетті деп сенетін Ана-Бөрі образын Асқар Алтай әдебиетте шебер пайдаланған. Өзіне қарсы оқ атқан перзентінен бөрі жеріп кетпей, оны желеу, құзыры түсуі түрлі ойға жетелейді. Жазушының айтпақ философиясы пір тұтқан иеміз бен киемізді үркітсек, қарсы қол көтерсек, бізден теріс айналады дегенге саяды. Өйткені сан ғасырдан бергі таным-түсінігінде, сенімінде бірге жасаған киелі бейнелерді жоғалтып жіберу ұлттық азғындық.

Таласбек Әсемқұловтың «Талтүс» тарихи романында қазақтың ескі аңыз-әңгімелеріне құрылған желілермен қатар, тылсым күш құпиясы, мистикалық сюжеттер кездеседі. Әжігерейдің Жездесі Баймұқанның соғыстағы оқиғаларды еске түсіру барысында бір отряд солдаттың орман кезіп жүретіні жайлы, адамдар оларды көретіні, бірақ олар айналада ешкімді көрмейтіні бейнеленген. Діни тұрғыда қарастыратын болсақ, бұл адамдар өмір мен өлім арасында адасып жүргендер. Яғни, жандарының тыныш таппай, рухтары О дүниенің есігіне жетпегендер деп айтсақ болады.

Таласбек Әсемқұловтың «Талтүс» романы – қазақтың мінезі мен болмысын, дәстүрін, өнері мен мәдениетін таза қалпында суреттеген туынды. Қазақ болмысын өнердің сиқырлы әуеннің тілін білген Сабыт пен ата тәрбиесімен өскен немересі Әжігерей арқылы көреміз. Романның екінші тарауында күйші Сәруәрдің Сабыт

үйіне құдайы қонақ болуы жайлы баяндалған. Жолаушының бейтаныс үйге келуі, баладан бастап, үлкендердің қонақты қарсы алудағы әс-әрекеттері қазақтың жоғары мәдениетін танытады. «-Балам, – деді қария қоршаудың ар жағына. Бұл кімнің үйі? – Сабыттың үйі. – Ә, қазақтың үйі екен ғой. Кіріп жылынуға болатын шығар. – Келіңіз, ата, – Әжігерей қақпаны ашып қарияны өткізіп жіберді..... – Үйге кіріңіз, – деді Әжігерей есікті ашып. Қария табалдырықтан аттады. – Ал, бәйбіше, құдайы қонақпыз. Ауыз үйде келі түйіп бидай түктеп жатқан Құлбағила, капелімде кіріп келген қонақтан қысылып қалып жаулығының астынан қобыраған шашын жинап, қалбалақтап қалды. – Келіңіз, келіңіз. Төрлетіңіз. Қария ортаңғы бөлменің есігін ашты. – Ассалалаумағаләйкөөм!» (Әсемқұлов, 2003:182), – деп қарсы алады.

Кеңес дәуірінде төрдегі төре мен көсемнен басқа ештеңеге сенбейтін, баба жолын ескіліктің қалдығы етіп көрсететін, ұрпаққа басқаша тәрбие берілді. Жазушы жаһандану деген күрделі процесс жүріп жатқан кезде ұлттық тамыры терең мәдениет, ұлттың бойынан табылуы керек қасиеттердің барлығын сақтап, шығармасында өз биігіне шығарған. Қанша ғасыр бойында қазақ даналығы қалыптастырған танымын паш етеді. Осы дананың бірі күйші қария Сәруәр.

Зерттеу жұмысымыздың тақырыбына ойысатын болсақ, Романда Елес, аруақ секілді ұғымдар әңгіме арасында әдепкі жағдайдай сөз болуы қазақтың дәстүрлі дүниетанымынан ажырамаған тамырының берік кезін көрсетеді. Хикметке толы әлем қазақ танымда өзіндік жұмбағын шешкен. Романда Сәруәр күйші аузынан біршама аңыз-хикаяттар айтылған. Соның бірі – барымташы жігіттің кеш батып, бір молаға түнегендегі көрген оқиғасы. Жаназасы шығарылмаған О дүниелік болған бай мырзамен кездесуі. Түнде тылсым дүниені басынан кешірген барымташы таңертен қалтасынан бай мырзаның бәкісін табады. Аруақтың өтінішін орындап, әкесіне бәкіні табыстайды. Жазушы алдымен өліні риза қылып, аруақтан жар болсын деп тілек тілейтін, құдыреті шексіз әлеммен рухани тазару арқылы байланысын, ата жолы мен баба танымын шебер суретеген (Әсемқұлов, 2003:190).

Жазушы қазіргі қоғамның рухани-психологиялық дағдарысына нальйды. Шығармада Әжігерейдің күйін тыңдағаннан кейінгі Сәруәр қарттың еңкілдеп жылағаны есіңізде болар. Сәруәр күйшінің айтқан мына бір сөзі көкірекке шемен байлап, адамды егілтеді. Ғасыр жасаған

Сәруәр қарттың бұл аһ ұруы – заманның қасыреті, трагедиясы. Сәруәрдің басындағы бұндай хал – ажал аузында, әл үстінде жатқан, бағы тайып, кесесі ортайған дәстүрлі өнердің жәй-күйі болмақ. Өткенді ұмытып, басқаның қаңсығын таңсық қылған ұрпаққа деген үмітсіз көзқарас. Өнерді өз қалпында, сырын бұзып, сынын кетірмей сақтай алама деген буалдыр тілек жемісі. Жүз жыл өмір сүргенде өнерін қадірлеп, бір құймақұлақ шәкірт шықпауынан артық қандай өлімге парапар жағдай бар дейсіз. Сәруәр қарттың кеудесіндегі өксік осының бәрін үнсіз айтып тұрғандай.

Роман жалпы үш тараудан құралады. Әжігерейден есейіп, ақыл тоқтатқан бозжігітке дейінгі өсу жолын көреміз. Романның жалғасы «Кәрі күйші» атты хикаяда Әжігерейдің кемел тартқан тұлғасы менмұндалайды. «Әжігерейдің өнер жолындағы өсуі, шынтауытпап келгенде, оның күй қуатын жүрегімен ұғыну мөлшерімен, таным деңгейімен өлшеніп жататын. Қаншама терең тыңдап жеткен сайын, ол да соншама толыса түсетін. Кейіпкер ғұмыры – күй ғұмыр, жүрегі – домбыра жүрек болып қалыптаса бастайтын»(Әсемқұлов, 2003:45).

Күй – күйінгеннің, күйзелістің ұлы шығармасы. Ол тек қайғыға ғана қабырғасы қайыспайды, қуаныштың да бір аты күйзеліске тел. Қазақ күйшілері күй шығарғанда, мерейі тасыған шаттық тілімен сөйлегенде осынау өтпелі дәуреннің баста баян болып тұрмайтынын сезінген, қуаныштың астарында тұрлаусыз фәниге деген көңіл кірбеңі жасырынып жатады. Бір ғана қалып, жалқы күйде жанның мәңгі сақталмайтыны, абсолютты дүние жоқ екенін пайымдаған даналықтың лебі еседі.

Енді түрік әдебиетіндегі мистикалық бағыттың өрістеуіне келсек, республикалық кезеңдегі түрік әдебиетінің алғашқы әйел жазушыларының бірі Халиде Эдиб Адывардың барлық дерлік шығармаларында мистикалық тәсілдерді көруге болады.

Лондонда алғаш рет ағылшын тілінде, кейін түрік тілінде «Sinekli Bakkal» романы жарық көрген. Романның қысқаша мазмұнына тоқталатын болсақ: Синекли Баккал төңірегінде өмір сүретін, азық-түлік дүкені бар және тиым салынған ойынның шебері, саудагер Қарагөздің отбасы жайлы әңгіме өрбиді. Қарагөз Тевфик имамның қызы Эминеге үйленеді, кішкентай қыздары дүниеге келеді. Алайда, діни көзқарасы басым, білімі саяз әйелімен тіл табыса алмай, кетіп қалады. Кейінірек Тевфик тиым салынған ойыны мен әйелінің дінге бой ұрғаны

үшін Ыстамбұлдан жер аударылады. Тевфик пен Эминенің қыздары Рабияны имам атасы тәрбиелейді, Рабияна Ыстамбұлдағы өте танымал хафиз қыз болады. Рабияна анасымен тіл табыса алмай, бір кезеңде айдаудан оралған әкесімен бірге тұра бастайды. Мәулананың (діни-мистикалық бағыты басым музыкалық орта) музыка сабағында Рабия дінсіз итальяндық пианист Перегринимен танысып ғашық болады. Құран мен мәуліт жырын оқығанда Рабияның әсерлі дауысы махаббат тұңғығындағы ғашық Перегриниді тылсым сыр ғаламына жетелейді. Рабияның Перегриниге тұрмысқа шығуының жалғыз жолы – Перегринидің мұсылман болуы. Рабияны қатты жақсы көрген және Вехби Деденің мистикалық әңгімелерінен әсер алған Перегрини мұсылмандықты қабылдап, Рабия мен Перегрини үйленді.

Романда Рабия Шығыстық мистицизмнің, ал Перегрини парасатты Батыстың көркемдік бейнесі деп айтуға болады. Екеуі де адамзат үшін маңызды; Екеуінің бірігуі адамзаттың өрлеуін білдіреді. Романда мистикалық ойлар дәстүрлі ортада өскен Рабия есімді кейіпкер мен оған ғашық болып, мұсылмандықты қабылдаған итальяндық музыкант Перегрини, Мевлеви Вехби Деде, Рабияның имам болған атасы арқылы көрініс табады. Шығармада пайғамбардың дүниеге келуіне қатысты мәуліт жыры әйелдердің тылсым сезімдерін оятатын ең маңызды фактор болып табылады.

Сонымен қатар, автор тиым салынған ойын мен болмыстың бірлігі арасындағы қатынасты орнатады. Ғалам бір үлкен театр; адамдар – бұл тиым салынған ойынның сахнасынан түсірілген бейнелер, ал бұл бейнелерді басқаратын Құдай. Көлеңкелік шығармадағы «шымылдық ғазалдары» өз алдына мистикалық сюжеттер. Шығармада дінге құлай берілген анасы Рабия мен Перегринидің үйленуін қолдамайды, ал Рабияның әкесі, анасынан бөлек тұрған көлеңкелі ойын шебері Тевфик пен мистикалық типтегі Вехби Деде, бұл некені қолдайды. Демек, автор Алла тағала жаратқан барлық құлдарға мистикалық сарынның гуманистік қырын ашқан.

Шығармада мистикалық ойлар роман кейіпкерлерінің бірі Вехби Деденің Мәулана көзқарасы тұрғысынан көрініс тапқан. Автор Мевлеви мен батыс өркениетін салыстыра отырып, Мәулана (Мевлеви) сопылық тарикат ағымын дәріптейді. Мәулана негізінде Джалал ад-Дина Румидің тағылымы-пәлсафалары мен мәдениеті жатыр. Туындыда сопылар іліміндегі таным жайлы тұжырымдар идеясы басым. Ма-

хаббат – ақиқаты іздеу, ақиқатты түсіну – адамның Алланы түсінуі. Кейіпкерлер иррационалды деңгейде көрінетін трансцендентті жағдайда көрініс тапқан. Музыка адамның жаны мен тәнінің үйлесімді жағдайын қалыптастырып, нәзік сезім арқылы әлемді ұғындыруға септігін тигізеді (Adivar, 2016:87).

Джалал ад-дин Руми – түрік мистикалық әдебиетіне негіз болған тұлға. «Өлген кезде Хақ ғашықтарының көңіл көздері ашылып, арғы жақты, ғайып әлемін көреді. Басқалар өлімнің қорқынышымен соқыр әрі саңырау күйде өледі. Түнді құлшылықпен өткізгендер, Хақтан қорқып ұйықтамағандар, өлім уақыты келген кезде, қорқынышсыз, рахат жан тәсілім етеді» – деп жалпы шынайы махаббат сезімі, Аллаға апаратын жолмен байланыстыра берген. Көптеген шығармалары шет тілдеріне аударылған және қазіргі әдебиетке арқау болды, әдеби көркем туындылардың түрленуі мен жаңғыруының маңызды көзіне айналды.

Қазіргі қазақ әңгіме жанрын дамытуда өзіндік орны бар жазушы А. Кемелбаеваның «Қоңырқаз» әңгімесінен Руми идеясын көруге болады. Адамды, жалпы ғаламдағы жаратылыстардың иесі Құдай жаратқан, әрқайсысының тиесілі орнын анықтап берген. Руми өзін «Құдайдың құлымын» деп есептеген. Құдай мен адам бірлікте болуын, ал бірліктің негізі махаббат екенін дәріптеген. Шығармада адамдардың Құдайдың жаратқанына бағынбай, қарсылық әрекеттері көрініс тапқан. Жазушы ақиқат жолын танытуға тырысады. Мистикалық тәсілге жүгіне отырып, Құдайдың құдыретін көрсетеді. «Қоңырқаз жоғары көтеріле бастады. Күнмен шағылысқан аппақ қанаттар жазылып, көкке шырқады. ... Мұрнына тек көк аспанның кезбе бұлттарының үлбіреген мақпал иісі келіп, үздіге жұтып, жел айдаған ақ бұлттармен жарысып, жер мекенінен ұзай берді. Бұл фәнидің жүгі неткен ауыр еді. Қоңырқаз адамдардан мүлде безініп, бауыры суығанын сезінді»... Осы өмірде орнын таба алмаған пендесін жаратушы өзіне қайтарып алады.

Осы бағытта Синан Йағмурдың «Махаббат көз жасы» атты шығармасында Мәулана тақырыбын қайта жаңғыртты. Табризде дүниеге келген Шәмстың шын аты Мұхаммед, Хорасаннан Тебризге қоныс аударған бір отбасының баласы. Медреседе жеті жасынан Құранның бетін ашып, бір оқығаннан жаттап алады. Бір күні Құран оқып жатып ұйықтап кетеді, түсінде Құрандағы Шәмс сүресіне тап болады. Осыдан кейін Мұхаммед Шәмс атанғысы

келеді. Жас кезінен мінез-құлқы басқаларға ұқсамайтын Шәмс шынайы махаббатты іздейді. Әкесі оны Дамаскіге жібереді. Ел аралап махаббатын іздеген Шәмс қажылыққа барады. Медреседегі ұстазы “іздеген махаббатын Конияда табасың” деген соң, Шәмс Конияға барып, мешітте Мәуланамен кездеседі, іздеген махаббатын тапқандай болады. Шәмс Мәуланамен жүздесейін деп, көзіне қараған бетте, есіне айырылып, талықсып кетеді. Есін жиғаннан соң олар Мәулананың медресесіне барып, оңаша қалып, әңгімелеседі. Шәмс Мәулананы сынамақшы болады. Шарап пен әйелдер әкелуді өтінеді. Мәулана тілегін орындаған кезде Шәмс Мәулананың басқа екенін және іздеген илаһи махаббаттың көрінісі деп ойлайды. Күн өткен сайын бір-біріне бауыр басып, намаздары мен оразаларын қалдырмайды. Уақыттарын адамзат өмірінен тыс, тылсым, қиялдаған әлемдерінде өткізеді. Діннен үнемі ақпарат беретін Мәулананы енді көре алмай жүрген халықты бұл жағдай қуантпайды. Осыны түсінген Шәмс үнсіз кетуге бел буады. Әуелі туған жері Тебризге, сосын Ауғанстанға диуана болып жол тартады. Шәмстың кетіп қалғанын білген Мәулана есінен танып, оны іздеп Дамаскіге барады, бірақ оның ізін таба алмайды. Мәулана қайтып келеді, бірнеше күндер бөлмеден шықпай, намаз оқиды және ақыры ауыруға шалдығады. Бұл жолы халық Мәулананы осы жағдайдан құтқару үшін Шәмстың қайтып келуін қалайды. Мәулана хат жазып, жібереді. Шәмс оның сағынышын көтере алмай, Конияға қайтады. Шәмс Мәуланамен қауышады, қайтып оралуына орай той жасайды. Мәулана Шәмстың өзін қайтадан тастап кетуінен қорқып, Шәмсты Конияға байлау үшін өгей қызы Кимияға үйлендіреді. Олар бақытты өмір сүреді, бірақ көп ұзамай Кимия ауырып, қайтыс болады. Әйелінің қазасы Шәмске ауыр тиеді, Дамаскіге қайтады. Мәулана үнсіз қайғыға кетеді. Кимия ханым қайтыс болғаннан кейін бір кішкентай бала Шәмсқа шүберекке оралған қағазды әкеледі. Шәмс бұл бөзді ашса, тас шығады. Бұл тас мистикалық кейіпкер Ассасиндердің өлтіргісі келетін адамға жіберетін тасы еді. Бала Шәмсқа қонақ үйге баруын айтады. Қонақ үйге барса, 7 бөлмеде жеті дәруіш отыр екен. Әр дәруіш Шәмсқа әртүрлі сұрақ қояды. Соңғы бөлмедегі дәруіш Тебризде жүрген шейхтерін масқаралау үшін келгендерін айтады. Өлтіретінін түсінген Шәмс соңғы рет өтініш жасайды. Мәулананы соңғы рет көріп, қоштасқысы келеді. Бұл тілегі орындалып, Шәмс Мәуланаға бәрін айтып, қоштасып болған соң қайтадан қонақ үйге келеді.

Дәруіштерден намаз оқып жатқанда өлтіруді сұрайды. Дәрет алып, намазға тұрады. Ол Шәмс сүресін оқып жатқанда, арқасына пышақ тиген күйде қайтыс болды. Олар оның денесін шапанына орап, жақын жердегі құдыққа тастайды. Дәруіштердің бірі Мәуланаға барып, Шәмстың құдықта екенін айтады. Мәулана Шәмсты сол жерден шығарып, Мәрмәрдағы жүзімдік үйінің бақшасына жерледі. Келесі күні қолында жасыл орамал ұстаған қарт есікті қағып, Мәуланаға орамалды табыс етеді. Бұл Шәмстың Мәуланаға жазған хаты еді (Үағмур, 2014).

Шығарма тарихи шындыққа негізделген. Роман идеясы Мәулана арқылы фикһ ережесін жеткізу болған. Яғни, Мәулананың ұстанымы – адамдарға пайдалы және зиянды нәрселердің мәнін ашу. Сауап пен күнәнің мағынасы мен түрлерін кеңінен ұғындыру. Исламға қарсы топтардың іс-әрекеттері күнә, жалпы күнә жасау адамды тозаққа апаратынын жеткізіп, қорқыныштарын оятқан. Шығарма сюжеті сопылық исламның мистикалық философиясы арқылы өрбіген. «Олардың ұстанымы, Құдаймен бірлікте болу. Ал бірліктің негізі – махаббат. Махаббат – қайғы, тақуалық, өкіну, өзін-өзі қорлау және ақырында Құдай мен адамның кездесуі. Құдайға деген махаббатының апофеозы – онымен біртұтас болуы. Сүю – бұл адамның табиғи жағдайы. Адам алдымен тарихат жолында Мен және Сен қатынасымен көрінеді, хақиқатқа жақындағанды, ол Мен және Сеннің бірлігіне айналады. Сопылыққа жетудің ұзақ жолында сопы ғашық болуы керек, яғни қайғырған, осы жолды қорытушы өзінің махаббатын көруге тырысушы болуы керек. Сопылық Құдайға деген махаббаты жүректен шыққан жүрек ілімі ретінде түсіндіріледі».

Шығармадағы қолданылған сөздер символдық мәнге ие. Мысалы, роман кейіпкерлері арқылы суреттелген раушан бағы, бас сүйек, шейх, қымбат заттар, алтыннан жасалған әшекейлер мен бұйымдыр, адамның артық салмағы сияқты т.б. тоңмойындық, қанағатсыздық, тәубасыз, екіжүзділіктің символдық элементтері ретінде қолданылады.

Қазіргі қоғам бет-бейнесі суреттелген Т.Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» повесі де осы түрік романымен сюжеттік үндестік болмаса да, идеялық тұтастықта жазылған туынды. Бұл шығармада мифологиялық кейіпкер «Ертөстік» ертегісіндегі перінің қызы Бекторы арқылы идея ашылған. Тылсым күш, құпия арқылы үш түрлі уақыт пен кеңістікті көрсете отырып, қазіргі қоғамдағы өмір шындығын

ашып береді. Қайырболды бала кезінде түсінде көретін Бекторы, Ержеткендегі Бекторы және Қайырболдының құпия әлемге бару. Адамзат келбеті, тойымсыз адам бейнесі. Адамдардың сан қырлы бейнесі. «Адам өзіне, жан дүниесіне не керегін білмеуімен адам, керісінше айтсақ, адам жан дүниесіне не керегін іздеуімен де адам. Бірақ, бір шарт бар, адамның адамшылығын сездірген асыл қазына – ол жүрек».

Таласбек Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» атты әңгімесі мифомистикалық туынды. Жазушы мифологиялық элементтер мен мистикалық тылсымды біртұтас шебер қолданған. Шығарма түс көру мотивімен басталады. Зерттеушілер түсті мифтің негізінде қарастырады. Түс – тылсым дүние, адамның жаны, рухымен байланысты. «Бекторының қазынасы» әңгімесінде Қайырболдының түсіне перінің қызы Бекторының көрінуі. Алдағы өмірінен аян берілуі, тағдырынан хабар берген құпия күш. Жазушы қоғамдағы рухани дағдарыстың мәнін ашуға тырысқан. Ғылым мен жаңа технологиялар арқылы адам өзінің санқилы армандарын асыруда. Бірақ, адамзат әлі бақыттың іздеуде. Қатал ғасыр жақсы көру, қамқорлық, мейірімділік деген сезімдерді жоғалтты. Адам Құдайды ұмытты. Өзін жоғары қойды. Сенімін жоғалтып, өмірінің мәнсіз екенін сезді. Осы мәселелердің туындауына не себеп болғандығын жазушы шығармасында көркем бейнелер арқылы ашып көрсеткен.

Қорытынды, тұжырымдар

Мистика – адамзаттың рухани саласындағы ең күрделі құбылыстардың бірі және адам өміріндегі әр түрлі салалармен: дінмен, ғылыммен, өнермен байланысты. Себебі, кең, әрі көп қырлы, түбіне жету үшін тереңдікті қажет етеді, сонымен өте қауіпті тақырып, өйткені ол зерттеушіні сан қилы ойға жетелеп, жалған ойдан шығарулар жолына да жетелейді. Мистика тақырыбындағы туындыларды діни, мифологиялық, философиялық дәстүрлердің аясында қарастырған жөн. Шығармалардағы мистикалық сарынды зерттеу барысында көркем туындының көрінісі ретінде сюжетке көңіл бөлген маңызды. Мистицизмді психологиялық,

дүниетанымдық және поэтикалық құбылыс ретінде де қарауға болады.

Сюжеттік мистицизм – кейіпкер мен сюжет арасындағы қосымша, жұмбақ, фабуладан тыс қарым-қатынас, оның нәтижесінде түс, персонаждың түйсігі немесе сезінуі алдағы оқиғалардың жасырын қозғаушысы болады, бірақ оның реакциясы емес, сырттай бір-бірімен қатыссыз құбылыстарды байланыстыра отырып, құпия мистикалық байланыстарды тудырады.

Мистиканың әдебиетпен байланысын зерделей отырып, оның көркемдік қызметін қазіргі қазақ прозасы төңірегінде қарастыру бүгінгі әдебиеттану үшін маңызды. Көркем туындыларда қазіргі өмір реализмі – апаттар, қылмыс, жағымсыз жаңалықтар мен нарықтық қатынастардың шындығы бейнеленеді. Алайда, әр автор көркем мәтінде қазіргі заманның белгілерін әртүрлі қолданады. Бір жазушы оқырманның қауіпті және белгісіз нәрсеге деген барлық құштарлығын оятса және өз шығармаларының беттеріне қорқынышты шындықтың атмосферасын жеткізсе, ал енді біреуі біздің заманымыздың пародиялық бейнесін жасайды, осылайша әлемнің аномалдылығын баса көрсетеді. Мистикалық реализм – сиқырлы элементтердің әлемнің шынайы бейнесіне енетін көркемдік әдіс.

Әдебиеттегі мистиканың ерекшелігі сезіммен елестету және жан-тәнімізбен қабылдау маңыздылығында болып табылады.

Талданып отырған қазақ-түрік прозаларында діни, мистикалық, философиялық, әдеби-постмодернистік аспектілер басым. Авторлар осы арналар арқылы тарихи, діни және қоғамның реалдық бейнесін көрсеткен. Түрік шығармаларында заманауи мәселелерді Мәулана жолымен түсіндіреді және шешуге тырысады. Мәуланының мистикалық күшін қолданады. Қазіргі қоғамда адамдардың бойында шынайы сезім дегеннен жұрдай болып, қаталдық пен екіжүзділіктің басым болуы әшкерленеді. Мәулана контекстінде шығармалар идеясы махаббат, отбасы, ізденіс, құпия, шынайылық сөздерінің негізі мәдени қырын ашу жайы зерделенген.

Бұл зерттеу жұмысы ҚР БЖҒМ Ғылым комитетінің АР08855780 гранты аясында жазылды.

Әдебиеттер

- Adıvar H.E. Sinekli Bakka. – İstanbul: Halk Kitapevi, 2016.
- Akpınar B.R-M. Arslan. Tekke-Tasavvuf Edebiyatı. Türk Halk Edebiyatı El Kitabı. – Ankara: Grafiker Yayınları, 2010. – 357 p.
- Алтай А. Туажат // Таң Шолпан. 2011. – №5, 26-65 б.
- Әсемқұлов Т. Талтүс. – Алматы: 2003. – 272 б.
- Әсемқұлов Т. Бекторының қазынасы. <http://otuken.kz/>
- Батыс философиясы. Оқу құралы. – Алматы: Жазушы, 2009. – 480 б.
- Bell D. Kutsalın Dönüşü. Laik ama Kutsal. – İstanbul: Etkileşim Yayınları, 2006.
- Brown J. The Darvishes, or Oriental Mysticism. Ed. With an introduction and notes by H.A.Rose. 2-d ed. L., 1968.
- Yağmur S. Şems-i Tebrizi- Aşkın Gözyaşları. – Konya: Karatay Akademi Yayınları, 2014.
- Кемелбаева А. Қоңырқаз. 2013. <https://malim.kz/article/sports/aigul-kemelbaeva-qonyrqaz-16660>
- Köprülü F. Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar. – Ankara. Diyanet İşleri Başkanlığı Yayınları. 1984.
- Маркелов Д.М. Протестантские таинства: история, теология, семиотика. – Тверь, 1999.
- Можейко М. А. Мистика. Новейший философский словарь. – Минск, 1999.
- Noyan S Romanda Mistik Eğilimler. – Ankara: Nece Yayınları, 2016.
- Ülken H. Z. İslam Felsefesi Kaynakları ve Tesirleri. – İstanbul: Türkiye İş Bankası Yayınları, 1967. – 312 p.
- Шахнович М.И. Современная мистика в свете науки. – Ленинград, 1965. – 211 с.
- Шиммель А. Мир исламского мистицизма. – М., 1999.
- Шелер М. Проблема человека в западной философии. – М., 1988.
- Шығыс философиясы. Оқу құралы. – Алматы: Жазушы, 2009. – 480 б.
- Henle P. Mysticism and semantics // Philosophy of religion. – New York, 1970.
- Danto A.C. Mysticism and morality: oriental thought and moral philosophy. – New York, London. 1972.
- Gal e R. Mysticism and philosophy // Philosophy of religion. – New York, 1970.

References

- Adıvar H.E. (2016) Sinekli Bakka [The Fly Grocery Store]. İstanbul (in Turkish).
- Akpınar B.R-M. Arslan (2010) Tekke-sopylyk adebier. Tyrik halyk adebieri anyktamalyhy [Tekke-Sufi Literature. Handbook of Turkish Folk Literature] Ankara (in Turkish).
- Altai A. (2011) Tuazhat [Born a Stranger] Tan Sholpan (in Kazakh).
- Asemkylov T. (2003) Taltus [Middy] (in Kazakh).
- Asemkylov T. Bektorinun kazynasu [Vector's treasure] <http://otuken.kz/>(in Kazakh).
- Batys philosophy. (2009) Oqu qyraly [Western philosophy. Training manual] Zhazyshy (in Kazakh).
- Bell D. (2006) Aulienin Oraluy [The Return of the Holy One.] İstanbul (in Turkish).
- Brown J. (1968) Darvisi ili Vostocnyi mistizizm [The Darvishes, or Oriental Mysticism] (in English).
- Gal e R. Mysticism and philosophy. Philosophy of religion. New York. 1970. (in English).
- Danto A.C. (1972) Mysticism and morality: oriental thought and moral philosophy. (in English).
- Yağmur S. (2014) Mahabbat kuz zhasy [Tears of love]. Konya(in Turkish).
- Kemelbaeva A. Qonyrqaz [Brown goose] 2013, <https://malim.kz/article/sports/aigul-kemelbaeva-qonyrqaz-16660> (in Kazakh).
- Köprülü F. (1984) Tyrik adebietindegi algasqy sopylar [The First Sufis in Turkish Literature] Ankara(in Turkish).
- Markelov D.M. (1999) Protectantskie tainstva: istoria, teologia, semiotika [Protestant Sacraments: History, Theology, Semiotics]. Tver (in Russian).
- Mozheiko M. A. (1999) Mistika [Mysticism] Minsk (in Russian).
- Noyan S. (2016) Romandagy mistikalyq urdister [Mystical Trends in the Novel]Ankara (in Turkish).
- Ülken H. Z. (1967) İslam philosophysynyn kozderi zhane aseri .[Sources and Effects of Islamic Philosophy] İstanbul (in Turkish).
- Shahanovic M.I. (1965) Sovremennai mistika v svete nauki [Modern Mysticism in the light of science] Leningrad (in Russian).
- Shimmel A. (1999) Mir islamskogo mistizizma [The World of Islamic Mysticism]. M. (in Russian).
- Sheler M. (1988) Problema c*eloveka vapadnoi philosophy [The Problem of Man in Western Philosophy] M. (in Russian).
- Shygyys philosophy. (2009) Oqu qyraly [Eastern philosophy . Training manual] Zhazyshy (in Kazakh).
- Henle P. Mysticism and semantics. // Philosophy of religion. New York. 1970. (in English).